Сабақ жоспары

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 6.1В Рационал сандар және оларға амалдар қолдану **Күні: 29.06.2018 ж.** **Сынып: 6**	**Мектеп: Саумалкөл №2 гимназия мектебі** **Мұғалімнің аты-жөні: Джакупова З.Ж.**	
	Қатысқандар саны:	**Қатыспағандар саны:**

Сабақтың тақырыбы	**Бүтін сандар. Рационал сандар**
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	6.5.2.3. Шамаларды сипаттау үшін бүтін сандарды қолдану; 6.1.2.9. координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу; 6.1.2.11. рационал сандардың ішкі жиындарын Эйлер- Венн дөңгелектері арқылы кескіндеу.
Сабақ мақсаттары	**Барлық оқушылар:** Шамаларды бүтін сандар арқылы сипаттайды; Рационал санды және оған қарама-қарсы санды тауып ретімен координаталық түзуде орналастырады; **Оқушылардың басым бөлігі:** Рационал сандар жиынының айырмашылығы мен ұқсастығын салыстырады; **Кейбір оқушылар:** Күрделі есептерді шығарып шешімін Эйлер-Венн дөңгелегі арқылы көрсетеді; шығарады.
Ойлау деңгейі	Қолдану, бағалау
Бағалау критерийлері	- Шамаларды бүтін сандар арқылы сипаттау; - координаталық түзуде сандарды кескіндейі; - рационал сандардың ішкі жиындарын анықтауда Эйлер-Венн күрделі есептерді шығарғанда қолданады.
Тілдік мақсат	**Оқушылар:** - Шамаларды бүтін сандар арқылы сипаттайды; - Координаталық түзуде рационал сандарды кескіндейді; - Сандар жиынын Эйлер-Венн дөгелегі арқылы кейкіндейді; **Негізгі сөздер мен тіркестер:** Қарама-қарсы таңбалар, бүтін сандар, рационал сандар, нақты сандар жиыны, Эйлер-Венн дөңгелектері
Құндылықтарды дарыту	Топтық талқылау барысында сөздік қоры дамиды, ынтымақтастық қалыптасып, достық, адамгершілік қасиеттері артады
Пәнаралық байланыс	Жаратылыстану
Адыңғы білім	Қарама-қарсы сандар, бүтін сандар, жұп сандар, тақ сандар, рационал сандар, Эйлер-Венн дөңгелегі

Сабақтың барысы:

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	**Сабақтың эпиграфы:**	А4

<table>
<tr>
<td>3 мин

3 мин</td>
<td>«Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!»
Үйымдастыру кезеңі:
Оқушылармен сәлемдесемін, түгендеймін.
Ынтымақтастық атмосфера құрамын. Оқушыларды шаттық шеңбер бойымен тұрғызып, «Гүлмен тілек» әдісі арқылы топқа бөлемін.
Мақсаты: Саралаудың «жіктеу» тәсілін басшылыққа ала отырып, оқушылардың талаптарына қарай топтастырамын. Мұнда оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып, бір-біріне тілек айтады және гүлдің астына жазылған сөздер бойынша топқа бөлемін. I топ-бүтін сандар, II топ-теріс сандар.
Үй тапсырмасын тексеру: «Маған көрсет» әдісі бойынша бір-бірімен дәптер алмасады. Тақтада берілген дұрыс жауаптар бойынша бір-бірін тексереді.
 </td>
<td>«Гүлмен тілек» әдісі

Гүлдер қиындылры

Дұрыс жауап жазылған слайд

Өзара бірін-бірі бағалау</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы

Жеке жұмыс 7 мин

Топтық жұмыс 17 мин</td>
<td>«Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет» - Н.Ә.Назарбаевтың («Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мақаласынан)» сөзімен бастаймын.

«Ыстық картоп» әдісі. Өткен материалды қайталау мақсатында кесте толтыртамын.
<table>
<tr><td>k</td><td>15</td><td></td><td>4,8</td><td>-7,2</td><td></td><td>$-\frac{6}{7}$</td><td></td></tr>
<tr><td>-k</td><td></td><td>29</td><td></td><td></td><td>$9\frac{5}{8}$</td><td></td><td>$-4\frac{2}{3}$</td></tr>
</table>

Мақсаты: Таңбалар ережесін қолданып белгісіз орынға рационал санды жазады.
ҚБ.Әрбір дұрыс жауапқа жұлдыша беру арқылы бағалаймын. Оқушыларды қолдау үшін.

«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі. Тақырып бойынша білім деңгейі әртүрлі оқушыларға күрделілігіне қарай алға ілгерлеп отыратын тапсырмалар беремін.
<table>
<tr><th>I топ</th><th>II топ</th></tr>
<tr><td colspan="2">I деңгей. Берілген сандарға қарама-қарсы сандарды жазып, координаталық түзуде орналастыр:</td></tr>
<tr><td>5; -7; 0,5; 12; $\frac{3}{4}$; -9$\frac{5}{6}$.</td><td>4; -8; -0,5; 11; $\frac{2}{5}$; -6$\frac{3}{5}$.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескриптор</td></tr>
<tr><td>Координаталық түзуде рацинал сандарды орналастыру</td><td>1. Берілген сандарға қарама-қарсы санды жазады;
2. Координаталық түзуде орналастырады.</td></tr>
</table>
</td>
<td>«Ыстық орындық» әдісі, тапсырмасы бар кесте

жұлдызшалар

Деңгейлік тапсырма</td>
</tr>
</table>

	II деңгей. №300. 2005 және 2008 жылдар аралығында әртүрлі дақылдардың өнімділігі мынадай болған:	
	1. Бидай – 9,5 ц/га; 11,7 ц/га;13 ц/га; 9,7 ц/га. 2. Көкөніс - 196 ц/га; 201 ц/га; 211 ц/га; 204 ц/га.	1. Картоп - 150 ц/га; 154 ц/га; 155,8 ц/га; 143,7 ц/га. 2. Қант қызылшасы - 210 ц/га; 197 ц/га; 209 ц/га; 241 ц/га;249 ц/га; 204,3 ц/га.
	1) Бидайдың; 2)көкөністің; 3) картоптың; 4) қант қызылшасының бір гектардан алынған өнімділігі жылдан-жылға қанша центрге өзгерген. Өнімділіктің осы өзгерістерін бүтін сандарды қолданып жазыңдар.	
	Бағалау критерийі	**дескриптор**
	Бүтін сандарды шамалардың сандық мәнін сипаттауда қолдану	
	III деңгей. Өрнектің мәнін табыңдар. Мәні қандай сандар жиынына жататынын анықтап, Эйлер-Венн дөңгелегіне орналастыр.	
	-b, мұндағы b=1,55· $\frac{23}{31} + 3\frac{29}{30} \div 0{,}47$	b, мұндағы -b=$\left(13\frac{1}{32} - 9\frac{9}{16}\right) \div 27{,}75 + 1{,}375$.
	Бағалау критерийі	**дескриптор**
	Мәнін Эйлер-Венн дөңгелегіне орналастыру	
	Саралаудың **«тапсырма»** тәсілі бойынша әрбір оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөліседі, бұл бүкіл топтық талқылауға жалғасады. Есептің шешімі дұрыстығына көз жеткізген соң тақтаға жазады.	
Сабақтың соңы Қорытындылау 5 мин **Рефлексия** **3 мин** **2 мин**	Сабақты қорытындылау мақсатында **«Өрмекші торы»** әдісімен оқушылар бір-біріне сұрақтар қояды. Бұл әдіс оқушылардың жүйелі сұрақ қою қабілетін дамытады. **«Жетістік баспалдағы» әдісі** оқушылар берілген материалды қалай меңгергенін стигерге жазып бағалау тақтасындағы суретке жапсырады. Берілген материалды қалай меңгергеніңді айт: • Толық меңгердім, қолдана аламын; • Меңгердім бірақ қолдана алмаймын; • Мүлдем меңгерген жоқпын. **Үй тапсырмасы: №312.**	«Өрмекші торы» әдісі *«Жетістік баспалдағы» суреті Стикерлер*